

# ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдебиеттанымдық журнал

№ 5 (30)

Мамыр 2014



Болат  
БАЙҚАДАМОВ:  
«ІСКЕРЛІГІ  
ТАЛАЙҒА ҮЛГІ»

10-БЕТ

Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВ:  
«ОЙ БИГІНДЕГІ  
АЗАМАТ»

16-БЕТ

Бақытқожа РҮСТЕМОВ –

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ПУБЛИЦИСТИКАНЫҢ КЛАССИГІ



**Тайыр СЭНТАЙҰЛЫ,**  
Бақыт Рүстемовтің інісі, кәсіпкер:

## «ЖОҒАРЫ АТАҚҚА ЛАЙЫҚ ЖАН»

Бұл дүниеде аға-анамнан кейінгі сыйлап құрмет тұтар тұлғам ағамыз Төлеген Рүстемұлы болды. Өйткені, ағамыз адалдығымен, шыншылдығымен танылып, елге еңбегі сіңген азамат. Біз қожа деген елден, соның ішіндегі қылауыздан тараған ұрпақ екенімізді халық алдында дәлелдеп, бабаға деген сыйын көрсетіп, Алланың нәсіп етуімен, ұл-қыздарының бастама көтеруімен, өзі құрылтайшысы болып Төлеген ағамыз Қылауыздарға арнап арнайы мешіт салдырған тұлға. Әруақтарға бас иіп, құрмет көрсету тірілердің парызы ғой. Алайда, Төлеген ағамыз көрегенділігін, даналығын, білімдарлығын танытып, осындай үлкен істердің бастамашысы бола білді. Төлеген ағамыздың ізін жалғаушы, бүгінгі таңда біздің әулиетіміздің тірегі, ақылшымыз, үлкеніміз, қамқоршымыз Бақыт ағам. Жастайынан бітім болмысы ерек Бақыт ағамыз, қазіргі таңға дейін еңбекқорлығынан еш айныған емес. Талапшылдық, жауапкершілік, тиянақтылық – ол кісінің негізгі қасиеттері. Ағамыздың көрегенділік қасиетін бойына сіңіре отырып, әрбір өрнекті істерін қайталау арқылы өз ортамызда, қоғамда ойып тұрып өзіндік орнын алды. Әрбір адамның бойында кешенді игіліктер тоғысып жатады. Сол игіліктерді топтастыра келсек Бақыт қамқор аға, пана болар әке, кез келгенге көмек қолын созар жанашыр жан, кең жүрек иесі. Ал, шығармашылығы тұрғысынан бағалау, шығармашылықпен айналыспайтын тұлға үшін өте қиын. Бірақ, оқырман ретінде мен былай бағалар едім.

Ең бірінші, шығармашылық адамына үлкен жүрек керек. Адамға, елге, қоғамға деген шынайы жанашырлық қажет. Міне, осы қасиеттермен қоса Бақыт ағамыздың бойында тұлғалық ірілік және өткірлік бар. Келешек ұрпақ қамын ойлап ісіне атүсті қарамай, әрбір жұмысын шын көңілмен атқарып, халықты рухани байытатын туындыларды өмірге алып келді. Өзге жазушылардан Бақыт ағамыздың ерекшелігі қос тілде, керек десеңіз өзбек тілінде де көркем, шебер жаза білуінде деп ұғамын. «Ағасы бардың жағасы бар» деген нақылды негіздесек, ағамыз әлі күнге дейін пана болудан шаршаған емес.

Ұлтымыздың абыройын асқақтатар еңбектеріңіз көп болсын. Қаламыңыз, қазақтың маржан сөздері төгіліп, тың дүниелерді тақырып қылып көтерер салиқалы ойларыңыз шарықтай түссін.

